- 1996 жылы магистратуралық курс құрылғанда, екі кафедра ең алдымен оқу жоспарын істеп ғылыми кеңесте бекітті. Әрбір пәннің жұмыскерлік жоспары құрастырылды. Оқу жоспарында арнаулы пәндер бар. Екі жылдың ішінде 4 арнаулы пән, 8 қосымша пән беріледі. Ол пәндерді тек сол шетелдерде болған және зерттеген мұғалімдер, ғалымдар оқытады. Мысалы, Қытай тарихынан арнаулы пәнді профессор, доктор Ш.Қадырбаев, Кім Г., Алдабекова Н. оқытады. Араб тілі және әдебиетінен оқытатын ғалымдар қатарында

профессор Мәженова М.Н., доцент Надирова Г.Е., Әуезова З., Рамазанова Г.Р. Қыыр Шығыс Азия елдері тарихының білгірі профессор К.Қожахметов, Таяу және Шығыс елдер тарихынан профессор А.Чюпеков, Қытай тілінің арнаулы пәнін оқытатын қытай тілі кафе-



драсының менгерушісі Тоқыметов Асылбек т.б. лекция жүргізеді. Қарап отырсаңыз магистерлерге тек ғалымдар мен профессор, ғылыми дәрежесі, тәжірибесі жеткілікті ұстаздар дәріс береді. Факультеттің мұғалімдері қатарында 4 профессор, 14-15 доцент бар. Азия-Африка елдері тарихының кафедра меңгерушісі Кеңес Қожахметов жақында докторлық диссертациясын қорғады. Доценттер қатарында Алдабекова Нұржамал, Дарико Мажиренова, Рамазанова Гүлжамал, Таджикова Клара т.б. ұстаздар үлгілі дәріс береді. Қазақ Ғылым Академиясының шығыстану орталығында қызмет атқаратын аты аталған доцент Георгий Ким қытай, корей тілін біледі. Өзі осы ҚазМУ-дің тарих факультетінің түлегі.

Ал оқу құралдарына келетін болсақ, қиындықтар көп. Қазақ, орыс тілдерінде ең жаңа шыққан құжаттар, кітаптар жоқтың қасы. Ең жаңа материалдардың өзі 1991-92 жылдарда шыққан кітаптар. Сондықтан сабақ беретін мұғалімдерге көп іздену керек. Магистранттар тек профессор, доценттердің бергендерімен шектелмей, өздері көп ізденуі қажет. Магистрлік диссертациялық тақырыбына байланысты еңбектенуі керек.

- **Басқа алыс, жақын шетелдермен ғылыми, мәдени, оқу саласындағы байланыстарыңыз қалай?**

- Шетелдермен байланыс жағы бәсеңдеу. Оған материалдық қаржы жағы жетіспейді. Біздің күшті орталық, осы салаға байланысты Ташкент, Москва, Ленинград қалалары - деректер мен құжаттардың мол көзі. Кейінгі кезде қаржы мәселесіне

байланысты қарым-қатынастар бәсеңдеуде. Көрші Қырғызстан, Бішкектегі университетпен қатынас жасауға ден қоюдамыз.

- **Бұрынғы жүйе бойынша Жоғары оқу орнын бітіргендер бірден аспирантураға емтихан тапсырып өтетін. Ал қазір аспирант болу үшін алдымен екі жыл магистратураны оқу қажет. Бұл, сіздің көзқарасыңыз бойынша, дұрыс па?! Шетелде, жалпы, дүниежүзілік өлшем бойынша: аспирантура магистрлік дәрежеге енеді емес пе?**

- Біздің ғалымдардың деңгейі шетелдік ғалымдардан жоғары. Біз аспирантураны қолдаймыз. Қазақстан еліндегі доцент білімі шетелге барса, профессор болып кетеді, осылай қарапайым түсіндіруге болады.

- **Магистратураға байланысты қандай ұсыныс, талап-тілектеріңіз бар?**

- Осы оқу жүйесінің сапалық деңгейін көтеру керек. Кейбір пәндер қайталанып оқытылады, одан жаңалық шамалы. Сондықтан олар алмастырылу керек. Ал ол факультет кеңесінде алдымен қаралып, ұсынылу қажет. Содан кейін жоғарыда бекітілу керек. Бізде ол жоғарыдан оқу жоспарына еніп келеді. Бұл дұрыс емес. Сосын осы магистрлік курсты екі жыл оқу барысында маманданған арнаулы шет тілі пәндер оқытылмайды. Оны маған қазіргі магистрлер айтып жүр. Сонда 4 жыл бойы оқығанымызды (шет тілін) ұмытып барамыз дейді. Тілді курсқа қайта енгізу қажет. Осы ескрілсе.

- **Әңгімеңізге рахмет.**

Абай Сәдуақасов,
журналистика факультетінің
магистранты



ПРЫЖОК МОЛОДЫХ БАРСОВ В "БОЛАШАК"

Столько споров и толков вокруг этой президентской премии. За ним стоят не только блеск огней Нью-Йорка, Парижа или Лондона, но и самое главное - надежды нашего молодого государства, тревоги и ожидания родителей, отдавших почти все своим любимым чадам.

На учебу за рубеж ехать желают теперь многие, а валютного довольствия дьявольски не хватает. Вот почему руководство нашего университета, опираясь на положение о присуждении президентской стипендии, позаботилось о том, чтобы отбор претендентов проходил в прозрачной, гласной обстановке. Для этого была создана авторитетная

комиссия из 14 человек во главе с ректором. И они отнеслись к этому вопросу, как к очень серьезному государственному мероприятию. Ими были приняты все необходимые меры по оповещению студентов о сроках и условиях конкурса.

С 1 по 15 октября был проведен предварительный отбор претендентов из числа студентов и выпускников КазГУ. В нем смогли принять участие все кандидаты, которые соответствовали таким требованиям, как высокая успеваемость, свободное знание одного из иностранных языков, активное и результативное участие в НИР, подтвержденное публикациями, авторскими свидетельствами, свободное владение персональным компьютером в режиме пользователя.

Для участия в предварительном отборе деканаты факультетов были представлены списки студентов, рекомендуемых для участия в конкурсе. А всего было подано 77 заявлений.

Комиссия, созданная для приема экзамена по иностранному языку и возглавляемая заведующей кафедрой иностранных языков МО Р.С.Каирбаевой, с 1 по 9

октября провела "смотрницы" 47 человек, остальные 30 по каким-то причинам на экзамен не явились. 37 студентов получили оценку "отлично", из них 3 имеют средний балл успеваемости ниже, чем 4,75 и поэтому по конкурсу не прошли. 6 студентов получили "хорошо", 4 "удовлетворительно".

Средний балл успеваемости претендентов составляет не менее 4,75, кроме студента факультета международных отношений Б.Копысбаева, его средний балл - 4,6. Но в соответствии с пунктом 14 Положения о порядке присуждения стипендии "Болашак" он имеет право принять участие в отборочном смотре как победитель республиканского конкурса.

Итак, для рассмотрения в Министерстве образования, культуры и здравоохранения РК будут представлены документы 32 претендентов, фамилии которых опубликованы в газете "Вечерний Алматы".

Конечно, среди соискателей могут быть и дети известных лиц. Тут, как говорится, закон суров, но справедлив. Пусть учится наидостойнейший.

За границу из всей республики поедут только 100 человек: в США - 60, Великобританию - 20, Германию - 15, Францию - 5.

Пожелаем же нашим студентам удачи и дальнейших успехов.

Кахен КАМЗА.



Химия факультеті: Коллоидтік химия және химиялық энзимология кафедрасына - 25 жыл

Биыл ҚазМУ-дің коллоидтық және энзимология кафедрасының құрылғанына 25 жыл толады. Бұл кафедра 1972 жылы 25 қазанда Қазақстан химиктерінің үлкен ұстазы, дарынды ғалым, химия факультетінің 25 жылдан астам уақыт деканы болған Қазақстан Ғылым Академиясының корреспондент-мүшесі, профессор Б.А.Беремжановтың бастамасымен ашылды. Кафедраның бүгінгісі мен кейінгісі жайлы Қазақстан Жоғарғы Оқу Ғылым Академиясының корреспондент-мүшесі, химия ғылымының докторы, профессор, ағалмыш кафедра менгерушісі Қуанышбек Битуұлы Мұсабеков ой қозғайды:

- Өткен ширек ғасырда кафедра үлкен жетістіктерге жетті. Бүгінгі күнге дейін 300-ден аса коллоидтық химия мен химиялық энзимология мамандары дайындалды. Олардың ішінде жоғары оқу орындары мен халық ағарту білікті мамандары, өндіріс пен ғылым қайраткерлері бар. Алғаш ашылған кезде кафедрада 3 ғылым кандидаты болса, қазір 2 профессор, 6 ғылым кандидаты бар. 25 жыл ішінде кафедрадан 18 ғылым кандидаты, 3 ғылым докторы, профессорлар шықты. Кафедра ұстаздары

химия және биология факультетінің студенттеріне екі жалпы курс - химия және биология факультетінің студенттерін екі жалпы курс - коллоидтық химия мен физикалық және коллоидтық химияны орыс, қазақ тілдерінде оқиды. 10-нан аса арнаулы курстар бакалавриат пен магистратура студенттеріне оқылады.

Кафедраның ғылыми жетістіктері де ауыз толтырып айтарлық. Осы заманғы коллоидтық химияның өзекті мәселелерінің бірі - беттік активтік заттар (БАЗ) болатын болса, оның ішінде соңғы жылдары ғана дамып келе жатқан бағыт - жоғары молекулалы БАЗ-дың коллоидтық химиясы. Оларды алу мен халық шаруашылығының әр түрлі салаларында пайдалану - өте күрделі мәселе. Кафедраның негізгі ғылыми бағыты осы салада. Кафедра ұстаздары жоғары молекулалы БАЗ-ды алудың бұрын белгісіз болған жаңа тәсілін ойлап тапты. Егер әдетте белгілі бір химиялық заттарды, оның ішінде жоғары молекулалы БАЗ-ды синтездік жолмен алатын болса, кафедра ұстаздары физико-химиялық әдіспен де алуға болатынын көрсетті. Кафедрада жасалған алмолид деп аталатын зат биологиялық молекулаларды изоэлектрлік

фокустеу делінетін жаңа әдісте қолданылып, Кеңестер Одағында бұрын Швеция, Германия сияқты елдерден алынып жүрген өте кунды химиялық затты алмастыруға толық жарады. Бұл зат Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының әр түрлі зерттеу институттарында сынақтан өтті. Тіпті космос кораблінде де зерттеліп, жоғары бағаға ие болды. Кафедрада халықаралық қатынастар жаңа кезеңге көтерілуде. Венгрияның, Голландияның, Германияның, Англияның, Францияның, Жапонияның ғалымдарымен творчестволық байланыстарымыз бар. ТМД елдерінің ішінде Ресей, Украина, Өзбекстан ғалымдарымен байланысымыз жоғары деңгейде. Келер жылы мамыр-маусым айларында коллоидтік химия саласында Қазақстандағы бірінші халықаралық микросимпозиум өткізуді жоспарлап отырмыз. Бұл бастаманы университет басшылығы да қолдауда. Микросимпозиумға ТМД елдерінен басқа Голландиядан, Англиядан, Венгриядан, Жапониядан, АҚШ-тан көрнекті ғалымдар келмекші. 25 жылдық ғұмырында кафедра өндірістің әр түрлі салаларына үлкен үлес қосып келеді.

Жазып алған - Есей Жемісұлы



КӨП АҚЫЛЫ - КӨЛ

Үстіміздегі жылдың қыркүйек айында Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің оқытушылардың білімін жетілдіру институтында республикалық ғылыми-әдістемелік конференция болып өтті. Бұл конференцияға республикамыздың 14 облысы мен көршілес Қырғызстан республикасынан - барлығы 155 адам қатысты.

Астанадағы 22 жоғарғы оқу орнынан, оның ішінде 16 университет, 4 академия, 2 институттан - 2 академик, 23 ғылым докторы, профессор, 59 ғылым кандидаты, доцент және аспиранттар түрлі ғылым салалары бойынша баяндама жасады.

Аталмыш жпында Қазақстан Республикасы білім беру және мәдениет министрлігінің жоғары және орта білім беру департаменті директорының орынбасары С.Д.Пралиев “Қазақстан Республикасы білім беру жүйесіндегі біліктілікті арттыру” деген тақырыпта баяндама жасады. Әл-Фараби атындағы ҚазМУ-дің проректорлары доцент М.К.Орынханов пен профессор Е.Б.Жатқанбаевтың баяндамалары қазіргі кездегі университеттегі білім беру процесінің оқу-әдістемелік бірлестіктері жөнінде болса, ҚазМУ-дің оқытушылар білімін жетілдіру институтының директоры М.К.Қойгелдиев жоғарыда аталған институттың ҚР жоғары білім берудегі реформа көрінісі екендігін айтты.

Ғылыми баяндама жасаушылар

университеттің даму тұжырымдамасы жөнінде, бакалавриат және магистратура баспадақтары, рейтинг жүйесі, тест туралы толымды ойларын ортаға салды.

Сонымен бірге біздің оқу орнына З.А.Исасва, М.К.Наурызбаев, И.И.Цыганков, С.С.Сегізбаева, К.А.Искакова, М.Жапбасбаев, И.Г.Жоламанова, И.Х.Молдағалиева, Г.Е.Утеғалиева, М.С.Молдабекова, Р.С.Әміров, Т.Ш.Асқарова, А.Т.Темірбеков, М.О.Орынбасаров, Е.В.Попов, М.Д.Бекенов, В.А.Захаров, У.А.Түкеев, Г.К.Сағыбалдиева, Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетінен Г.Т.Жайнақбасва, А.Е.Әбілқасымова, М.Б.Оңғарбаева, С.Асфендияров атындағы Қазақ мемлекеттік медицина университетінен Р.О.Асанбаева, Р.И.Семенова, А.А.Әмірбекова, Ж.Б.Оразалин, С.Ә.Әбітаева, Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінен К.З.Әлжанов, Семей медициналық академиясынан Ұ.К.Әлханова, Семей мемлекеттік университетінен К.С.Түсіпова, Г.Ж.Тілеболдина, Жезказған университетінен А.С.Кенешов, Қазақ мемлекеттік аграрлық университетінен Г.Н.Несіпбаев, Е.Б.Бегалиев, Қазақ көлік және коммуникациялар академиясынан С.М.Біттібаев, С.Х.Достанова, Е.А.Исаханов, Халел Досмухамедов атындағы Атырау университетінен Г.К.Мұқышева және т.б. өз

баяндамаларында көпшілік назарын аударатын біраз проблемалар басын ашып, өз ғылым салалары жөнінде көптеген құнды мағлұмат берді.

Жезказған университетінен келген А.С.Кечепновтың “Математикалық ғылымдарды меңгеру”, Семей мемлекеттік университетінің өкілі Г.Ж.Тілеболдинаның “Математика - ғылымдар негізі” және Атырау университетінің оқытушысы Г.К.Шомбалованың “Арифметика - математиканың басты негізі” атты баяндамалары көпшілік назарына ілікті.

Информатика және есептеуіш техника негіздері жөнінде де баяндамалардың тартымды шыққанын атап айтар едім. Сонымен бірге қазіргі кезде бірден-бір актуальды мәселе болып отырған радиациялық экология туралы Г.Ш.Асқарованың баяндамасы көкейтесті мәселені қозғады.

Конференция барысында зерттеуші-ғалымдар, ұстаздар бір-бірімен тәжірибе алмасып, білім көкжиектерін кеңейтуге мүмкіндік алды.

Иә, сонымен үш күнге созылған бұл конференцияның қорытындысы Қазақ мемлекеттік ұлттық университеті оқытушылардың білімін жетілдіру институтының Ақт залында дөңгелек столмен аяқталды.

Әбділда Жұлдыз,
2 курс студенті

ӨЗ КӘСІБИ ЖУРНАЛЫМЫЗ БОЛСА...

Тандап алған соқпағым журналистика болғандықтан ба, әйтеуір, қазақ баспасөзінің қазіргі жай-күйіне немқурайды қарай алмаймын.

Қытай халқында қарғыстың ең жаманы: “өмірің өтпелі кезеңмен тұспа-тұс келсін”, - екен. Артық айтсаң, құдай кешірсін, нарыққа өткелі тұрмыз дегенімізге бірнеше жылдың жүзі болды. Ауылдың сиқы - анау, қаланың сиқы - мынау. Әңгімеміздің бісмілләсі: “өтпелі кезең қиыншылығына қарамастан...” - деген үйреншікті оптимизммен басталып, әрі қарай жалғасын тауып жатады. Меніңше, онсыз да нарық қыспағында қысымшылық көріп, шаршаңқырап, жүдеңкіреп жүрген қарарпайым халықтың, аузымызды кү шөппен сүртіп, үнжырғасын түсіре бермей, елдің рухын көтеругіміз керек. Ал ол үшін өміріміздің көлеңкелі жақтарын тізбектемей-ақ, тығырықтан шығу жолдарын ойластырған жөн шығар. Осыған байланысты болашақ журналист ретінде мен өзімнің көкейімдегі пікірлерімді ортаға салсам деймін.

Біздерде кейбір газеттер базбір оқырманларды қазақ тіліндегі басылымдарды оқымайды деп кінәлап жатады. Бұл - ағаттық. Өйткені қазақ тіліндегі шығатын газеттердегі жарияланымдар унамаса, ешкімді зорлап

оқыта алмайсың. Ұлттың қаймағы деген зиялы қауымның өзі ең алдымен “Комсомолка” мен “Известияны” ақтарып шығатыны рас. Меніңше, өз халқының болашағына шын жаны ашитын әр азамат (ондайлар бізде көп қой) жыл сайын кем дегенде қазақ тіліндегі 3-4 газет-журналды (қазақ тілін түсінбесе де) жаздырып алып отырғаны дұрыс. Сонда қазақ басылымдарының таралымы азаймайды.” Даурықпа мың ауыз сөзден жылғыз қимыл мың есе артық” (Будда) екендігіне сонда көзіміз жетеді.

Тағы бір көңілге кірбін түсіріп жүрген нәрсе - баспасөз бетінде дәлелсіз деректер көбейіп кетті. “Бәленше деген жолдасым былай деді, түгенше деген жолдасым солай деді”, - деп қисынсыз дәйектерді көлденең тарту белең алып баралы. Атап айтар болсақ, “Үйін жұмыртқаға айырбастапты” деген сияқты хабармен (“Ана тілі”, 13 ақпан, 1997 жыл) ешкімді алдай алмаймыз.

Баспасөз бетінде кейде түкке тұрғысыз материалдар кетіп жатады. Әйтеуір, ақыл айтуға келгенде, алдымызға жан салмаймыз. Сөзім дәлелді болу үшін жоғарыда аталған ұлттық апталықтың сол күнгі нөміріндегі “Санкт пен Саңғыт” атты шағын жарияланымның сөз қылсам да жетіп жатыр.

Аталмыш материалда автордың айтар ойы тым келте. Журналист оқулық авторын Санкт-Петербург сөзін “әліппеге” енгізгені үшін кінәлайды. Мұнда тұрған ешқандай әбестік жоқ. Мақаланы “Ресейдің бір қаласын әліппеге кіргізбесек “сары ағайындар” өкпелеп қалар деген шығар деп қорытындылайды. Сонда, баланың Санкт-Петербурғты біліп өскені жаман ба?

Қазірде ұлтымыздың мұңын мұндап, жоғын жоқтап жүрген басылымдар сауақпен санарлық десек, олардың қатарында “Ана тілі” газеті де бар. Жалпы, қазақ басылымдарына тән типті кемшіліктерді дәлелдеу үшін осы газетке “байланып” отырғанымыз - “Түйенің үлкені көпірден таяқ жейдінің” кері болса керек. Тәуелсіздігіміз баянды болып, мемлекетіміз аяғынан тік тұрып кетуіне дөнекер күдіреттің бірі - қазақ баспасөзі екендігіне дау жоқ. Меніңше, осы ретте қазақ журналистерінің шеберлігін шыңдар, біліктілігін арттырар кәсіби төл журналын шығарған дұрыс болар еді деп ойлаймын. Қаржы тапшылығы қолбайлау қылмаса, Қазақстан журналистері кәсіби журналының қазақ журналистикасының көсегесіні көгертуге септігі мол болар еді.

Гүлжан Ескендір,
журналистика факультетінің
3-курс студенті



ТӘБІ, АЛЫҒИ ТАРУС?

В детстве, как и у многих детей, у меня была заветная мечта - стать актрисой. Я часами простаивала перед зеркалом на огромных каблуках, в парике, с напыженными губами...

По мере того, как я становилась взрослее, желание это отошло на задний план, а я, облюбовав профессию по душе, поступила на факультет журналистики.

Но все же мир театра, как и детство остался для меня загадкой, сладкой удивительной тайной.

Вооружившись однажды диктофоном и блокнотом с ручкой, я отправилась в КазГИТИК, навстречу неизвестному. Мило улыбнувшись вахтерше, я уже через 2 минуты знала что и где находится. И поэтому направилась к ректору, дабы узнать историю института. Но, увы, он был в отпуске. И на мои вопросы ответил заведующий кафедры Сен. речь Абзельбаев М.Н.:

- Наш институт существует с 1958 г., Раньше он был при консерватории и только в 1978 он отделился. И с тех пор мы существуем как самостоятельный институт. В начале он назывался театрально-художественным, а теперь Казахским государственным институтом театра и кино.

У нас 4 факультета: это факультет кино, театральный, хореографический и художественный. Здесь преподаватели высокого класса - заслуженные артисты РК, лауреаты конкурсов, профессиональные балетмейстеры.

Вообще, преподавателей мы готовим сами. Начиная с III курса отбираем более одаренных ребят стажерами. И уже с 4 курса они начинают практиковаться самостоятельно.

- Вводятся ли какие-то новшества в программу обучения?

- Да, конечно. Сейчас мы стараемся играть более естественно. Если раньше это была школа представления, то сейчас это школа переживания.

- На какие критерии обращают внимание при поступлении?

- Во-первых, это, конечно, талант, эмоциональность, фантазия, темперамент. Во-вторых, физические данные. В третьих, они проходят тестирование по 2 предметам: истории Казахстана и родному языку.

- Чем по-вашему, отличаются воспитанники вашего института от студентов других вузов?

- Они более раскованны,

непринужденней. Ведь у нас маленький набор: 165 человек.

- Верно ли утверждение, что актер игру со сцены переносит в жизнь. Не играет ли он вне театра?

- Не верно. Он должен быть на сцене таким, какой он есть в действительности.

- Если у человека нет таланта, но есть огромное желание, может ли он стать профессиональным актером?

- Есть такие люди, их очень много.



Эль Греко. Голова Мадонны

Работают до пенсии в театре, но их никто не знает. Ведь театр - это болезнь, заболел человек и все... Ни за какие деньги ты его не заставишь поменять профессию.

И это, оказалось, действительно так. На мой вопрос "Ты хотел (а) бы иметь более престижную денежную профессию?" были даны такие ответы:

Руслан, I курс: - Я об этом не думаю. Дело ведь не в деньгах. Просто мне интересно.

Гаухар, I курс: - Нет, конечно. Это моя мечта. У меня родители - актеры, и я не представляю себя в роли экономиста или юриста.

Кажибай, II курс: - Счастье не в деньгах. Не они играют важную роль в мире, а искусство.

Владимир, II курс: - Мне 36 лет, а я только сейчас нашел то, что присуще мне. Естественно, сложно жить без денег. Я, например, считаюсь не престижным женихом, т.к. у меня нет квартиры, нет машины. Но у меня есть театр. Я живу им. Вот я готовил экзаменационное

задание и из своих денег потратил около 11 тыс.: шил актерам костюмы, декорации...

Но о чем же тогда мечтают театралы? Оказалось, все без исключения об успехе, о создании чего-то грандиозного...

Гуляя по коридорам, я впитывала в себя театр, атмосферу, рассматривала замысловатые картины развешанные повсюду, заглядывала в кабинеты, где занимались студенты и размышляла: а ведь, действительно, надо жить этой профессией, чтоб получилось что-нибудь путное.

Мне расхотелось узнать, что же думают сами студенты о своем "втором доме". Мнения, как ни странно разделились. И была в этом какая-то закономерность: восхищались в основном студенты начальных курсов, а III-IV курсы считали, что здесь довольно скучно, обыденно. Но все же и среди них нашлись те, кто вспомнил несколько забавных случаев. Вот они:

Кенжебай: - Когда был еще на первом курсе, мы готовили маленькую сцену, в которой участвуют 3 человека: афганец (это я), мать и сестра. Сын - афганец ранен, лежит без сознания. А мать должна брызнуть ему в лицо водой. Но на экзамене произошло следующее: она аккуратно вытщила платочек, также аккуратно смачивала и протерла мне лицо.

В другой сценке я должен был играть алкаша. Надо мной очень мило пошутили. В стакан налили водку вместо воды. Я сам не употребляю спиртного вообще. Но здесь пришлось выпить. Вот, искусство требует жертв (смеется).

Я и сама попала в довольно смешную ситуацию. Бегая по коридорам, беря интервью я увидела быстроидушего человека, которого и откликнула: "Девушка, девушка...". К моему стыду, это оказался молодой человек, которого звали Галым. Вместе с ним я и попала на одну из репетиций. Это очень серьезное, требующее огромного труда дело. Посмотрев на усилия студентов и вспомнив свои занятия на которых можно почерпнуть что-то интересное, порой поспать, а иногда совместить и то и другое, я всем сердцем захотела увидеть родные стены и сказать смело: "Мой КазГУ - лучше всех и я не променяю его ни за какие деньги..."

Ляйля Джумаканова.



Юбилей

СУЛТАН ДЖИГИТОВ

Начну издадека. В 1968 году я, первокурсник факультета журналистики, жил на Виноградова 88 в одной комнате с ребятами юрфака. Семеро юристов и один журналист - в тесноте да не в обиде.

Студенты-юристы Дуйсен, Гиняят, Мэлс, Ахмар упорно занимались, заучивали наизусть статьи каких-то непонятных мне кодексов. Я по простоте души своей думал: зачем им эта муть. Они не дурачились, не изображали и не пародировали как мы, своих наставников. А мне между делом и футболом хотелось услышать от них нечто поциферонистее, поплевакистее. Но увы! И тогда я заключил, что юристы - народ сухой, состоящий только из сводов законов и подзаконных актов.

Однажды в главном корпусе, сломя голову бежавший в комитет комсомола, я чуть не столкнулся со степенно несущим себя молодым человеком, который улыбнулся и с легкостью французских кавалеров изящно посторонился. А это был Султан Сартаевич Сартаев, молодой ученый, декан юридического факультета, на котором тогда невольно останавливали свой взор ясный не только университетские, но и красавицы консерватории...

Прошли годы. Работая в



Гостелерадио я был поражен его тембром голоса, его лекторским мастерством, когда он часто приходил на республиканское радио записываться. Выступал он, как оратор эпохи Возрождения.

Прошли еще годы. Он являлся уже членом редколлегии уважаемого журнала "Парасат", где ваш покорный слуга заведовал отделом. Я увидел его тогда в качестве талантливого публициста, разъясняющего основы римского права. Выступал он как Квинтилиан.

А потом. Потом он с трибуны Верховного Совета Республики страстно

защищал суверенитет и независимость нашего молодого государства. Выступал он как казахский бий-златоуст. Убеждал своих противников, полемизировал с оппонентами. Но не было ни одного случая, чтобы он перешел ту грань интеллигентности и галантности, за которым уже начиналось действие уголовного кодекса.

Сегодня ему исполнилось 70 лет. Он доктор юридических наук, член-корреспондент НАН РК, автор свыше 300 научных работ, 10 монографий, 40 книг. Он - признанный авторитет в создании теории государства и права.

Я вспомнил все это, сидя в конференц-зале нашего родного университета, где чествовали юбиляра от мала до велика. Были ласкающие слух поздравления от Президента страны, Государственного секретаря. Держали речь седые академики, молодые министры, умудренные жизнью ректоры вузов.

А он сидел, как и прежде, подтянутый, невозмутимый и спокойный среди шумного бала, среди своих коллег, товарищей и учеников.

Да благословен народ, который имеет таких сыновей. Да счастлив учитель, у которого так много учеников и последователей.

Какен Камза.

Сүйніш

ЕРТЕНДЕР ЕЛБАСЫНЫҢ ДӘРІСІН ТЫНДАЙМЫЗ


Еліміздің маңдай алды, іргелі оқу орындарының бірі біздің университетте екендігіне ешкімнің де дауы жоқ. Тарихын сонау 1934 жылдан өрбітетін біздің оқу орны жыл өткен сайын жаңара түсуде.

Бұл күндері аумағы ат шаптырым жерді алып жатқан университет қалашығында студент қауымының 16 жатақханасы бар. Оңтүстік астанамыздағы бірден-бір спорт кешені де қалашықтың төрінен орын алып тұрғаны - көкірекке мақтаныш сезімін уялатады. Әлемнің төрт бұрышымен тікелей хабар алатын байланыс жүйесі де күн күрғатпай жұмыс істеуде. Асқазаннан "айкай" естілсе, дереу ат шалдырып, бірден 150 адамды аспен қамтамасыз ете алатын комбинатты да есепке қосыңыз...

Ал енді қалашыққа кірер беттегі, негізгі оқу корпусына қарама-қарсы бой көтерген құрылыс ошағын күнде көздеріңіз шалып жүрген болар. Бұл ғимараттың да аз күнде құрылысы аяқталып, студенттер өз Мәдениет сарайының есігін айқара ашатын күн де алыс емес.

Осынау алып сарайдың алғашқы кірпіші 1982 жылы қаланған екен. Үш жыл тынымсыз жұмыс жүргенімен, қаржы тапшылығына байланысты болашақ сәулетті сарайдың қабырғасы ғана қалқайтылған. Одан әрі цифрларды сөйлететін болсақ, араға 15 жыл салып, құрылыс "өгіз аяңмен" тағы ілгері жылжиды.

Бұл күндері Байжан Жапаков басқаратын 200-ге тарта құрылысшы "тыныстап" жатқан ғимаратқа жан бітіргендей. Оның айтуынша, бүгінде университет осы құрылысқа аянбай қаражат бөліп жатқан көрінеді. Оның толық бітуіне 107 млн. теңге керек болса, қазірдің өзінде 80 миллионнан астам қаржы шығарылыпты. "Жігіттер жұмысты қызу қарқынмен, аса ыждағаттылықпен атқаруда", - дейді бригадир. Негізінен құрылыстың ілгері басына бірден бір себепші болып отырған 16, 51 құрылыс бас басқармасы екендігін де біліп жүрген артық болмас. Жігіттердің айлық жалақылары - 15 мың теңге. "Жұмыла



көтерген жүк жеңіл" демекші, біраз жылға созылған құрылыс ошағының кілті биылғы жылдың қараша айында, құдай қаласа, қолымызға тиетін шығар. Яғни, Елбасымыз, университетіміздің профессоры Н.Ә. Назарбаевтың уәделі дәрісін тындайтын күн де алыс емес.

Самал Айдаболова,
журналистика факультетінің
3-курс студенті



Қазақстанның мемлекеттік университеті Аль-Фараби атындағы ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

На замещение должностей профессорско-преподавательского состава, а также информирует о вакантных должностях заведующих кафедрами для занятия их по контракту:

Заведующие кафедрами: истории стран Азии и Африки; ирано-индийской филологии; древней и средневековой истории Казахстана; археологии и этнографии; оптики и физики плазмы; русской филологии; философии и методологии социального познания; химической кинетики и горения; общей химии и химической экологии; русского языка; лингводидактики и литературного перевода; математического анализа.

Профессора кафедр: механики сплошной среды - 2; экономической теории ИЭП; оптики и физики плазмы; психологии; тележурналистики; теплофизики и молекулярной физики; русской и зарубежной литературы - 2; гидрологии суши - 2; зоологии и ихтиологии; философии и методологии науки; теоретической и прикладной механики; дифференциальных уравнений и мат. физики; химии высокомолекулярных соединений; катализа и технической химии; макро, микроэкономики и математических методов ИЭП; истории казахской литературы и критики; теории управления - 0,5 ставки; вычислительной и прикладной математики; функционального анализа и теории вероятностей; казахской филологии.

Доценты кафедр: педагогики; экологии и почвоведения - 1,75; биофизики и методики преподавания биологии - 2; зоологии и ихтиологии; ботаники; микробиологии; физиологии и биохимии растений - 2; гидрологии суши; метеорологии; периодической печати; журналистики и литературного редактирования; телевизионной журналистики; новой и новейшей истории зарубежных стран - 2; новой истории Казахстана - 3; археологии и этнографии - 2; вычислительной и прикладной математики - 6; теории управления - 2; математического обеспечения ЭВМ и математической кибернетики - 2; геометрии, алгебры и математической логики - 2; дифференциальных уравнений и математической физики - 3; функционального анализа и теории вероятностей; международных экономических отношений; экономической теории ИЭП; неорганической химии - 2; химической кинетики и горения - 3; общей химии и химической экологии - 2; аналитической химии и химии редких элементов - 0,5; органической химии и химии природных соединений; физической химии и электрохимии; химической энзимологии и коллоидной химии - 3; химии высокомолекулярных соединений; физики твердого тела; оптики и физики плазмы - 0,75; теоретической физики - 2; казахской литературы; общего языкознания - 1,75; русской и зарубежной литературы; философии и методологии социального познания - 5; истории казахской и зарубежной философии - 4; философии и методологии науки; политологии - 4; иностранных языков факультета международных отношений; макро, микроэкономики и математических методов; маркетинга и внешнеэкономических дисциплин ИЭП; современных восточных языков - 2; международных отношений и внешней политики РК - 2; психологии - 2; государственного и муниципального управления ИЭП.

Старшие преподаватели кафедр: 2-ой гум. кафедры иностранных языков ИЭП - 5; 1-ой гум. кафедры иностранных языков - 2; иностранных языков (еф) - 4,5; физвоспитания и спорта - 9,5; экологии и почвоведения; биофизики и методики преподавания биологии - 0,25; зоологии и ихтиологии - 0,75; генетики и молекулярной биологии; метеорологии - 3; геоэкологии и мониторинга природной среды; древней и средневековой истории Казахстана - 2; истории древнего мира и средних веков - 2; археологии и этнографии; новой истории Казахстана; геометрии, алгебры и мат. логики; вычислительной и прикладной математики - 4; теории управления; мат. обеспечения ЭВМ и мат. кибернетики - 3; мат. анализа - 2; дифференциальных уравнений и мат. физики - 2; международных экономических отношений - 2; экономической теории ИЭП; ядерной физики; теоретической физики; оптики и физики плазмы - 2; казахского языка - 3; русского языка - 4; казахской филологии - 2; лингводидактики и литературного перевода; теории и истории государства и права; природоресурсового и экологического права; финансового и налогового права ИЭП - 1,25; политологии; психологии - 2; истории казахской и зарубежной философии; философии и методологии науки; иностранных языков факультета международных отношений - 3; международного права; государственного и муниципального управления - 2 ИЭП; орг. химии и химии природных соединений - 0,75; маркетинга и внешнеэкономических дисциплин; гражданского и трудового права - 2; судопроизводства; макро, микроэкономики и математических методов ИЭП; современных восточных языков - 2; журналистского мастерства и литературного редактирования; радиожурналистики; истории журналистики; международных отношений и внешней политики РК.

Ассистенты кафедр: 2-ой гуманитарной кафедры иностранных языков ИЭП - 3; 1-ой гуманитарной кафедры иностранных языков - 3,5; гражданской обороны; экономической и социальной географии; истории стран Азии и Африки; ирано-индийской филологии; филологии стран Дальнего Востока; тележурналистики, геоэкологии и мониторинга природной среды; экономической теории - 2 ИЭП; политологии; казахского языка - 2,5; русского языка; лингводидактики и литературного перевода; русской и зарубежной литературы; теории и истории государства и права; криминалистики и судебных экспертиз; природоресурсового и экологического права; уголовного права и криминологии; конституционного и административного права - 3,5; гражданского и трудового права ИЭП; истории казахской и зарубежной философии - 0,5; международных отношений и внешней политики РК; маркетинга и внешнеэкономических дисциплин Института экономики и права; макро, микроэкономики и математических методов Института экономики и права; менеджмента Института экономики и права; новой и новейшей истории зарубежных стран; иностранных языков факультета международных отношений 2,5 (англ. яз.); 0,5 (фр. яз.); журналистского мастерства и литературного редактирования - 2.

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы
Қазақ мемлекеттік ұлттық
университетінің ректораты
және журналистика факультеті.

Газетке Қазақстан
Республикасының Баспасөз
және бұқаралық ақпарат
министрлігінде № 1242 тіркеу
күелігі берілген.



РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕН-ЖАЙЫ:

480078, Алматы қаласы,
әл-Фараби даңғылы, 71,
ректорат,
14 қабат, 1408 бөлме.
Тел.: 47-82-50, 47-28-16.

Бас редактор -
К. ҚАМЗИН;

көркемдеуші -
К. МУХАМЕДЬЯРОВА;
терімші -
А. БАБАСОВА;
Фотосуреттерді баспаға
әзірлеуші -
Қ. НҮРФАЛИЕВ

Ақылдастар алқасы:

Л. АХМЕТОВА,
тарих ғылымының кандидаты;
Ж. ДӘДЕБАЕВ,
филология ғылымының
докторы.
З. МАНСУРОВ,
проректор, химия
ғылымының докторы;
Н. ОМАНШҰЛЫ,
филология ғылымының
докторы;

Жарияланған материалдардағы
автордың көзқарасы редакцияның
ұстанған бағытына сәйкес келуі
міндетті емес.

Нөмір ҚазМУ-дің "Қазақ
университеті" баспасында теріліп,
басылып шықты. Бағасы келісім
бойынша. Тараламы - 500 дана.
№ 576 - тапсырыс.